




**2021-2022  
ОҚУ ЖЫЛЫНА  
КОЛЛЕДЖДЕРГЕ  
ҚАБЫЛДАУ  
ҚАЛАЙ  
БОЛАДЫ?**




- 1** Талапкер порталда/ақпараттық жүйеде авторизацияланады (ТАӘ, ЖСН)
- 2** Талапкер онлайн режимде кәсіби диагностикадан өтуге ұсыныс білдіреді
- 3** АЖ кәсіби диагностикадан өту үшін BTC Education веб-сайтына сілтеме ұсынады
- 4** Талапкер кәсіби диагностикадан өтеді
- 5** Талапкер кәсіби диагностиканың нәтижелерін алады, танысады, содан кейін конкурсқа қатысуға өтініш беру мүмкіндігі бар

**6** Талапкер ақпараттық жүйедегі ЖСН, аты-жөні: «негізгі орта», «жалпы орта», «техникалық және кәсіптік білім» базалық білімі туралы жолдарды толтырады

**7** Талапкер білімі туралы құжатты тіркейді

**8** АЖ талапкерге мемлекеттік тапсырыс көзделген мамандықтар тізбесін ұсынады




**9** Талапкер 4 мамандықты таңдайды

**10** Талапкер 4 колледжді таңдайды

**11** АЖ «Сіз жеңілдік көзделген тұлғалардың қатарына жатасыз ба?» сұрағын көрсетеді

**12** Талапкер «Иә», «Жоқ» жауаптарының бірін таңдайды

**13** «Иә» деп жауап берген жағдайда —  
- АЖ жеңілдік қарастырылған санаттардың тізімін көрсетеді



## ЖЕҢІЛДІК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН САНАТПАР ТІЗІМІ:

- I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар;
- басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
- ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;
- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары;
- төрт және одан да көп кәмелетке толмаған баласы бар тәрбиеленетін отбасыларынан шыққан балалар;
- осы мәртебесі кемінде үш жыл болған толық емес отбасында тәрбиеленген, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларынан шыққан балалар, I, II топтағы мүгедектер;

- 14** Талапкер жеңілдік қарастырылған санатты таңдайды және растайтын құжаттың электрондық көшірмесін тіркейді
- 15** АЖ әрбір талапкер үшін міндетті және бейіндік пәндерді анықтайды
- 16** АЖ талапкерлердің міндетті және бейіндік пәндерінің бағасын алу үшін ҰБДҚ (НОБД)-на өтінім жібереді
- 17** ҰБДҚ (НОБД) талапкерлердің міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағаларын АЖ-ға жібереді
- 18** АЖ талапкерлердің орташа конкурстық балын шығарады
- 19** АЖ ТжКБ ұйымдары мен мамандықтары бойынша орташа конкурстық баллмен қабылдау жеңілдігі қарастырылған талапкерлерге саралау жүргізеді

**20**

**АЖ МАМАНДЫҚТАР МЕН КОЛЛЕДЖДЕРГЕ БӨЛІНГЕН ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІН ЖАСАЙДЫ**

**21**

**АЖ конкурстан өтпеген талапкерлер мен игерілмеген мамандықтар тізімін қалыптастырады**

**22**

**АЖ бос орындары бар мамандықтар тізбесін жібереді**

**23**

**Талапкер ұсынылған мамандықтардың бірін таңдайды немесе таңдаудан бас тартады**

**24**

**АЖ талапкерлерді мамандықтар мен колледждерге бөледі**

